

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жасау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1553

Қарағанды металлургия комбинатының бюджетке төлемдері бойынша және тиісінше Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту қорының комбинат алдындағы берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қарағанды металлургия комбинаты мен республикалық бюджет арасындағы 1995 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бюджетке төлемдер жөніндегі 73 млн. /жетпіс үш миллион/ теңге сомасындағы берешекке, аталған сома 1995 жылға арналған бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіліп, бір жолғы есептеме жасасын.

2. Қарағанды металлургия комбинаты:

Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту қорына дебиторлық берешегін республикалық бюджетке кредиторлық берешегін өтеу есебіне есептесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі